



**“Тіл білімі мектебі” жобасы
аясында жүргізілген
іс-шаралар**

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ПӘНАРАЛЫҚ КЕҢІСТІГІ

Қазақ тілін оқытудың қазіргі даму кезеңі білім беру мазмұнын жаңарту, оқушының тілдік құзыретін өмірлік жағдайларда қолдана алуымен ұштасып отыр. Осындай өзекті бағыттарды жүзеге асыру мақсатында А.Байтұрсынұлы атындағы №211 орта мектепте "Тіл білімі мектебі" жобасын жүзеге асыру бойынша облыстық оқу орталығының (әдістемелік кабинет) ұйымдастыруымен "Қазақ тілін оқытудың пәнаралық кеңістігі: тіл меңгеру дағдылары және кіріктіре оқытудың инновациялық тәсілдері" тақырыбында облыстық онлайн секция отырысы өткізілді.

Шара барысында облыстық оқу орталығының (әдістемелік кабинет) бөлім меңгерушісі Гүлшат Амантайқызы пәнаралық білім беру кеңістігін қалыптастырудағы "Тіл білімі мектебі" жобасының маңыздылығын атап өтті.

Секция отырысының негізгі мақсаты қазақ тілін меңгертуде пәндер интеграциясының функционалдық мүмкіндіктерін талдап, оқушылардың тілдік, коммуникативтік және зерттеушілік қабілеттерін дамытатын инновациялық әдістерді саралау болды.

Әр бағыттағы пән мұғалімдері қазақ тілін меңгертудің тиімді жолдарын өз бағыттары бойынша ұсынды:

Ерекешова Жаньгүл Мұхитқызы, облыстық тілерді оқыту орталығы директорының орынбасары

"Академиялық жазылым: мәтін жазудың шарттары" тақырыбында академиялық сауаттылықты қалыптастыру қағидаларын талдады.

Сейтқасым Ләйлә Бекболатқызы, №145 "Бірқазан" орта мектебі мұғалімі "Әдеби есеп және мәтін арқылы кейіпкер мінезін модельдеу" тәсілдерімен бөлісті.

Шарапат Айжан Қанибекқызы, химия пәні мұғалімі "Химия тілі мен қазақ тілін кіріктіріп оқытудың тиімді идеяларын" ұсынды.

Тойбақова Жадыра Абдрахманқызы, Арал ауданы, №57 мектептің мұғалімі "Функционалдық сауаттылықты дамытудағы қазақ тілін пәндермен кіріктірудің тәжірибелік моделін" таныстырды.

Сағат Айдана Еркінқызы, физика пәні мұғалімі

"Физика мен қазақ тілі ұғымдарын кіріктіре оқытудың байланысын" көрсетті.

Төлепбаева Гүлмира Әбдіғаппарқызы, №7 мектеп-лицейінің мұғалімі "Бастауыш сыныптағы оқылым, жазылым дағдыларын дамытудағы инновациялық әдістерді" ұсынды.

Далиева Кенжегүл Әубәкірқызы, бастауыш сынып мұғалімі "Тілге бойлау" жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын

Секция жұмысы қазақ тілін оқытудың жаңа форматтарын талқылауға мүмкіндік берген маңызды ғылыми-әдістемелік алаңға айналды.

Пәнаралық байланыс арқылы:

тілдік дағдыларды кешенді дамыту жолдары айқындалды, әртүрлі пәндер мен тіл үйрету арасындағы тұтастық күшейді,

мұғалімдердің авторлық зерттеу жұмыстары ұсынылды,

"Тіл білімі мектебі" жобасын кеңейтуге негіз болатын жаңа идеялар жинақталды.

Шара мазмұны білім беру үдерісіндегі интеграциялық тәсілдердің оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруда, тілдік қабілетін дамытуда және заманауи педагогикалық ортаны қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетті.



ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚИТУДЫҢ ПӘНАРАЛЫҚ КЕҢІСТІГІ: ТІЛ МЕҢГЕРУ ДАҒДЫЛАРЫ ЖӘНЕ КІРІКТІРЕ ОҚИТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ



АЛИМОВА АЙЖАН
ШОРАБЕКҚЫЗЫ
Модератор

А.Байтұрсынов атындағы
№211 орта мектеп
директоры



БЕРЕКЕШОВА ЖАНЫГУЛ
МҮХИТМҰЗЫ
Облыстық тілдерді оқыту
орталығы директорының
орынбасары
Академиялық жазылым: нәтиже
жазудың нәтижелері



СЕЙТҚАСЫМ ЛАРЛЫ
БЕКБОЛАТМҰЗЫ
№145 "Бірқалың" орта мектебі
Әдебиет өсет. Мәтін арқылы
өмірлеріңнен мәңгілікте



ШАРАПАТ АЙЖАН
ҚАНИБЕКҚЫЗЫ
А.Байтұрсынов атындағы №211
орта мектептің қызыл пән
мұғалімі
Күннен тілдерді сыйлайтын алаң
тілге пәнаралық сабақ
кереметтері



ТОНБАЙКОВА ЖАДЫРА
АБДРАХИМАНОВНА
Е.Жәнісбаев атындағы №57
орта мектептің бастауыш
сынып мұғалімі
Функционалдық сауаттылықты
дамытуда тілдер, тілдер
пәнаралық тәртіпін оқытудың
нәтижелері



САГАТ АЙДАНА
БРИНҚЫЗЫ
А.Байтұрсынов атындағы №211
орта мектептің физика пәні
мұғалімі
Физика мен қазақ тілі
пәндерінің өзара байланысы



ТВЕЛПЕБАЕВА ГҮЛМИРА
БЕДІАПАБАРҚЫЗЫ
№77 мектеп-лицейінің бастауыш
сынып мұғалімі
Бастауыш сынып оқушыларының
жүре-жандарының дұрыс
оқытуының инновациялық
жолдары



ДАЛМЕВА КЕНКЕТҮЛ
АБУБАКИРОВА
А.Байтұрсынов атындағы №211
орта мектептің бастауыш сынып
мұғалімі
Бастауыш сынып
инновациялық сабақ қозғалысы
және жолын дамыту ("Тілге
Байлау" жобасы аяқталды)

19 қараша 2025 жыл
10:00

А.Байтұрсынов атындағы
№211 орта мектеп

Идентификаторы: 573 862 1564
Кіру коды:123456



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ



«Тілге бойлау: Тіл білімі мектебі» жобасы аясында өткізілетін А.Байтұрсынұлы және қазақ тілінің пән ретінде оқытылуы мен ғылым тілі болып қалыптасуы



Бекнұр Сейсембетұлы Қапшаев

Мемлекеттік тілді дамыту институтының атқарушы директоры, филология ғылымдарының кандидаты, тілші-ғалым, мектеп мұдирларының (қазақ тілі) кеңесшісі, А.Байтұрсынұлы мектебінің жетері.

«Жаңартылған бағдарламаның аяқталуы мен оның мақсаты мен міндеттері»



Бекір Сағандықұлы

Әл-Фараби атындағы Павлодар педагогикалық университеті гуманитарлық ғылымдар жөніндегі профессоры, филология ғылымдарының докторы.

«А.Байтұрсынұлының өмірі мен есімі туралы қызығарлық деректері»



Бағали Масарбекұлы Есенолов

Ақтер, яғни, «Ақымат, Ұлт ұстазы» тележобасының басты ролін сомдаған, Қызылорда облысы еңірген қайраткері, «Дарын» мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері.



Аман Мамбетұлы Абісілов

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты.

«Ақын А.Байтұрсынұлының әлемдік-өнертанулық және ғылыми қызметінің Қызылорда кезеңі»



Айбек Аүзетұлы

А.Байтұрсынұлы музей-аңсауына ғылым қызметкері, тұрағылушы (PhD), Ақын мұрасының жетері.

«А.Байтұрсынұлы «Әлімбет» жобасының қалыптасуы»



14 қараша 2025 жыл
9:00



Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынұлы атындағы №211 орта мектеп (Мерей мөлтек ауданы, 206)



Идентификаторы: 573 862 1564
Кіру коды: 123456

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

Модератор
Алимова Айжан Шарапбекқызы

А.Байтұрсынұлы атындағы №211 орта мектеп басшысы



Ермекова Лыбұвышқы Нурбайжанқызы

«Мектепте мемлекеттік тілді оқыту: өзекті мәселелер мен ұстазға бағдар»
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы



Исеева Жанар Аманжолқызы

«Орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытудағы қиындықтар мен оларды жеңу жолдары»
"Үлкен" БАН" АҚФ Қызылорда облысы бойынша Кәсіби даму институтының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты



Бекнұр Қапшаев

«Жаңартылған бағдарламаны негіздіру жолдары»

Мемлекеттік тілді дамыту институтының атқарушы директоры, филология ғылымдарының кандидаты

Абісілов Аман Мамбетұлы

«Тіл меңгеру» ұғымы: әлеуметтік лингвистикалық сипаттамасы мен деңгейлер
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты



Дәулетбаева Мартина Қанышбекқызы

«Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары жайлы»
Қызылорда облысының қорғандық даму басқармасының "Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы" КММ директоры



14.11.2024ж.

11:00

А.Байтұрсынұлы атындағы №211 орта мектеп

Идентификаторы: 573 862 1564

Кіру коды: 123456

АХМЕТ МҰРАСЫ - ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Ұлт ұстазы мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының тағылымды еңбектерін жан-жақты талқылауға арналған семинар-практикум өтті.

Шара барысында Ахмет еңбектерінің заманауи білім берудегі рөлі, тілді оқыту әдістемесінде қолданылуы, ғылым мен мәдениетке қосқан өлшеусіз үлесі кеңінен сөз болды.

Қыпшақбай Нұрайым Кенжебекқызы - докторант, Шетел тілдері және аударма білім беру бағдарламасының аға оқытушысы

"Кіріме сөздерді оқытуда "Ахмет. Ұлт ұстазы" фильмін қолдану" тақырыбында тың ойларымен бөлісіп, көрнекі құрал ретінде деректі фильмдердің маңызын ерекше атап өтті.

Мадалхан Данабек Аманұлы - Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің магистрі

"Ахмет Байтұрсынұлының тілдік мұрасы және қазақ ғылымының дамуына қосқан үлесі" тақырыбында мазмұнды баяндама жасап, Ұлт ұстазының қазақ тіл біліміндегі реформаторлық қызметіне жан-жақты тоқталды.

Семинарға қатысушылар Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің жас ұрпаққа тәлім-тәрбие берудегі, ұлттық сананы қалыптастырудағы айрықша орнын атап өтті.

Шара соңында ой-пікір алмасып, тәжірибелерін бөліскен ұстаздар мен жас ғалымдар Ахметтің тағылымы - өткеннің ғана емес, келешектің де шамшырағы екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ПӘН РЕТІНДЕ ОҚЫТЫЛУЫ МЕН ҒЫЛЫМ ТІЛІ БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫ

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы атындағы 211 мектепте "Тілге бойлау: Тіл білімі мектебі" жобасын жүзеге асыру бойынша қалалық білім бөлімінің 2025-2026 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, 14 қараша күні ерекше маңызы бар республикалық деңгейдегі "А.Байтұрсынұлы және қазақ тілінің пән ретінде оқытылуы мен ғылым тілі болып қалыптасуы" тақырыбында конференция өтті.

Шараға

Алматы мемлекеттік тілді дамыту институтының атқарушы директоры, тілші-ғалым Бижомарт Сейсенбекұлы Қапалбек;

Актер, әнші. "Ахмет. Ұлт ұстазы" телехикаясының басты рөлін сомдаған, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, "Парасат" орденінің иегері Байғали Мақұлбекұлы Есенәлиев;

М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының филология ғылымдарының кандидаты, доцент Асқар Әбдуәлиұлы Тұрғанбаев;

Сыр Медиа жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Марат Жайылханұлы Аралбаев;

Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының басшысы Мұхтар Мәуленұлы Ниязов;

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры Аман Маделханұлы Абасилов;

Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының "Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығының" КММ директоры. Мартана Қонысбекқызы Дәулетбаева;

Қызылорда облыстық оқу-әдістемелік орталығының директоры Сырым Құрманғазыұлы Асқаров;

Қалалық білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Ғалия Ермағанбетқызы Ибрагимова, әдіскер Жанна Ержанқызы Омарова

және қаладағы барлық білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.



А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ПӘН РЕТІНДЕ ОҚЫТЫЛУЫ МЕН ҒЫЛЫМ ТІЛІ БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫ

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы атындағы 211 мектепте "Тілге бойлау: Тіл білімі мектебі" жобасын жүзеге асыру бойынша қалалық білім бөлімінің 2025-2026 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, 14 қараша күні ерекше маңызы бар республикалық деңгейдегі "А.Байтұрсынұлы және қазақ тілінің пән ретінде оқытылуы мен ғылым тілі болып қалыптасуы" тақырыбында конференция өтті.

Бұл күн – ғылымның, өнердің, руханият пен келешек ұрпақ тәрбиесінің тоғысқан салтанатты сәтіне айналды.

Шараға Алматы мемлекеттік тілді дамыту институтының атқарушы директоры, тілші-ғалым Бижомарт Сейсенбекұлы Қапалбек;

Актер, әнші. "Ахмет, Ұлт ұстазы" телехикаясының басты рөлін сомдаған, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, "Парасат" орденінің иегері Байғали Мақұлбекұлы Есенәлиев;

М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының филология ғылымдарының кандидаты, доцент Асқар Әбдуәлиұлы Тұрғанбаев;

Сыр Медиа жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Марат Жайылханұлы Аралбаев;

Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының басшысы Мұхтар Мәуленұлы Ниязов;

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры Аман Маделханұлы Абасилов;

Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының "Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығының" КММ директоры. Мартана Қонысбекқызы Дәулетбаева;

Қызылорда облыстық оқу-әдістемелік орталығының директоры Сырым Құрманғазыұлы Асқаров;

Қалалық білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Ғалия Ермағанбетқызы Ибрагимова, әдіскер Жанна Ержанқызы Омарова және қаладағы барлық білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері,

бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты, сондай-ақ, зум байланыс жүйесі арқылы Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті профессоры Бекен Сағындықұлы;

А.Байтұрсынұлы музей-үйінің аға ғылыми қызметкері Әділет Ахметұлы және республика көлеміндегі барлық деңгейдегі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектептердің педагогтері онлайн қатысты.

Шараның алғашқы бөлімінде оқушылар "Қош келдің, меймандарым, мектебіме!" атты әсерлі әдеби монтаж ұсынып, қонақтарды ерекше құрметпен қарсы алды. Содан соң "Тілге бойлау" жобасы аясында ашылған ғылыми-зерттеу зертханалары, "Тілге бойлау" эксперименталды сыныптар, "Ахметтану ғылыми-зерттеу" зертханасы, Қазтест орталығы өз жұмыстарын таныстырып, Ахмет мұрасына сүйенген жаңа бағыттағы зертханалық жұмыстардың мазмұны көрсетілді.

Шараның келесі бөлімінде

"Жаңартылған бағдарламадағы қазақ тілі пәнінің мақсаты және білім мазмұны" (Бижомарт Сейсенбекұлы Қапалбек);

"А.Байтұрсынұлының сөйлем жүйесіне қатысты ғибратынан" (Бекен Сағындықұлы Әміров);

"А.Байтұрсынұлының қоғамдық-шығармашылық және ғылыми қызметінің Қызылорда кезеңі" (Аман Маделханұлы Абасилов);

"А.Байтұрсынұлы "Әліппесіндегі" ұлттық құндылықтар" (Әділет Ахметұлы)

тақырыбында бағдарламаға сай мазмұнды баяндамалар ұсынылды.

Баяндамалар Ахмет еңбегінің қазіргі білім мазмұны, тіл жүйесі, синтаксис ғылымы, ұлттық тәрбие, Қызылорда кезеңіндегі рухани ізденістері жөніндегі тың тұжырымдарымен ерекшеленді.

Қорытынды ретінде "Жаса, жаса, қазақ тілім!" әні шырқалып, конференцияның рухани қуатын арттыра түсті.

Шараның үшінші бөлімі "Ғылымдағы Ақымет – өнердегі Ақымет: тіл тағдыры мен тұлға тағдыры" тақырыбына арналды.

Бұл бөлім – шараның жүрегі Ахмет рухымен сырласу, өнер арқылы ой толғау алаңы болды.

Мектеп мұғалімі Бауыржан Құдайбергенұлы Қобланов орындаған "Ақымет үні" монологы залға терең сезім сыйлап, Байтұрсынұлының жан даусындай әсер қалдырды. "Мейірім мұнарасы" жобасына негізделген "ЖҰМАДАҒЫ ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ" Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, актер, драматург, әнші Байғали Мақұлбекұлымен жалғасты. Ол өзінің рухани ізденісі, шығармашылық философиясы, Ахмет бейнесін сомдаудағы жауапкершілік туралы шынайы ойларымен бөлісті.

Бұл бөлімде

"Грамматикалық өнер" зертханасы оқушылары Бижомарт Қапалбектің "Адамдық диқаншысы" пьесасынан сахналық қойылым көрсетті, яғни пьесаның алғашқы тұсауы ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы білім шаңырағының сахнасында кесілді.

Оқушылар Б.Есенәлиевтің жыр-шумақтарынан әдеби монтаж орындады; Байғали ағаның сөзі мен әніне жазылған "Ақ тілек" әнін музыка пәні мұғалімі Жарқын Ешниязова орындады;

ӘДЕБИЕТ ПЕН МӘДЕНИЕТТІ ТОҒЫСТЫРҒАН ТЕАТР

Көркем шығарма мен драматургия қашаннан өзара егіз. Бірін-бірі толықтырып отырады. Әуелде сүбелі сөз арқылы жеткен кей туындылар сахналанып, өз көрерменін тауып жатады. Бұл да қоғамның, мәдениеттің дамуына үлес қосатын фактордың бірі болмақ.

"ТІЛГЕ БОЙЛАУ (ТІЛ БІЛІМІ МЕКТЕБІ)" жобасы аясында ашылған "Грамматикалық өнер" зертханасында Жолшораева Сәуле Жақыпбекқызының жетекшілігімен мектеп оқушылары әдебиет пен өнерді ұштастырып, сахна мәдениетін меңгеріп, театрдың қыр-сырын танып,

ӘДЕБИЕТ ПЕН ТЕАТРДЫҢ

жанға дәру;

ойға медеу;

көңілге нәр;

жүрекке мән;

жүзімізге жылылық;

өзімізге шабыт берер өнер екендігін ұғынып келеді.

Бұл ретте, қаламыздағы "Жастар театрымен" бірлескен әріптестік байланысымыздың рөлі ерекше.

Мектебімізге "Жастар театры" арнайы қонаққа келді. Жай келмеді керемет жазушы, жерлесіміз, мақтанышымызға айналған ЗЕЙНОЛЛА ШҮКІРОВ жайлы "НЕГЕ, ЖАНЫМ, ШЫҒАРЫП САЛА АЛМАДЫҢ ?" қойылымымен келді.

Қойылым режиссері - О.Нұрмаханов. Ал театр актерлерін бастап келген мекеме басшысы - Нұрмат Мансұр.

Байғали Мақұлбекұлы қонақ кәде ретінде ерекше сәтте туған "Бұрын сен қайда жүргенсің?" әнін орындап, ерекше ықыласқа бөленді; Сонымен қатар, мектеп мұғалімі Азиз Әуезханұлының орындауында ақынның жан жарына арналған лирикалық туындысы оқылды. Шараға қатысушы Мұхтар Мәуленұлы Ниязов Байғали ағаның шығармашылығына терең баға беріп, поэзия мен өнердің миссиясы туралы әсерлі пікір айтты.

Осы кездесудің рухани белгісі ретінде Байғали Мақұлбекұлы Мұхтар Мәуленұлы басқаратын театрға "Ана жүрегі" пьесасын, №211 мектепке "Арманның арманы" туындысын сыйға тартты.

Сырласуда тілші-ғалым Бижомарт Қапалбек тосын сұрақтарға мазмұнды, терең ойлы жауаптар беріп, Ахмет ілімінің бүгінгі қоғамдағы миссиясын ашып көрсетті.

Күннің қорытынды сәтінде алғаш рет арнайы дайындалған "Жақсының сөзі – жүректе" атты мектептің рухани тілек кітабына алғашқы қолтаңбаны Ахмет рөлін сомдаған Байғали Мақұлбекұлы қалдырды.

Бұл сәт — ұлт ұстазы рухына, сөз киесіне, өнер құдіретіне құрмет ретінде есте қалатын ерекше белгі болды.

Мектеп мұғалімі Сәуле Жақыпбекқызы жүргізген "Жұмадағы жарқын жүздесу" — атына заты сай, жүректерге шуақ, көңілге қуат сыйлаған мәдени-ғылыми, рухани жүздесу сәті болды.

Қатысушылардың алған тағылымы мен әсері терең, рухани байлығы мол, ойға азық боларлық деңгейде өтті.

Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы – тіл тағдырының тірегі, ғылымның арқауы, рухтың құбыласы. Осы конференция сол мұраның құндылығын жаңа буынға жеткізіп, "Тілге бойлау: Тіл білімі мектебі" жобасының мәнін бұрынғыдан да биіктетті



<https://www.facebook.com/share/p/1PXKpEanpE/>